

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ИСЛАМ ҒИЛМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ КАФЕДРАСЫ

Университеттің Ғылыми кеңесінде
қаралып, бекітілді.
№ 9 хаттама « 29 » 03 2024 ж.

Университет ректоры,
доктор, профессор
Мухаммад аш-Шаххат
әл-Жинди



ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
(2024 жылы оқуға қабылданғандарға арналған)

«7M02202-ДИНТАНУ»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

АЛМАТЫ, 2024

Құрастырған: Дінтану кафедрасы

Хаттама № 8 «15» 03 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі А.А. Рыскиева



Ислам ілімдері факультеті кеңесінде талқыланып, мақұлданды.

Хаттама № 8 «27» 03 2024 ж.

Факультет деканы Юсуф Гиндауи



Университеттің академиялық комитет кеңесінде келісілді.

Хаттама № 8 «29» 03 2024 ж.

Академиялық комитет хатшысы М.А. Жолмағанбетова



Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 9 «29» 03 2024 ж.

I семестр

Міндетті пәндер:

GTF 5201 Ғылым тарихы және философиясы - 5 кредит

ShT(K) 5202 Шетел тілі (кәсіби) - 5 кредит

BP 5203 Басқару психологиясы -5 кредит

KDM 5301 Қазіргі дінтанудың мәселелері - 5 кредит

Элективті пәндер:

1. IsAB 5304 Исламдағы ағымдар мен бағыттар - 5 кредит

Мақсаты: Ислам тарихындағы ағымдар мен бағыттардың пайда болуы. Олардың шығуына түрткі болған әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени алғышарттарды меңгеру.

Мазмұны: Қазіргі ислам мектептерінің ерекшеліктерін анықтау; олардың идеялық, діни ұстанымдарына талдаулар жасап баға беру; Бүгінгі исламдық ағымдардың ислам ойлау жүйесі кеңістігіндегі орын бағамдау.

Нәтиже

-Білімі: Қазіргі кездегі исламдық мектептердің пайда болу және оның себептері, Қазіргі кездегі исламдық мектептердің доктриналық ерекшеліктері мен ұстанымдары;

-Білігі: Қазіргі ислам мектептеріндегі теологиялық, діни-философиялық, діни-практикалық, этикалық ерекшеліктері мен қағидаларын ажырата алу;

-Құзіреттері: Қазіргі ислам мектептері проблемасына түсіндіру және сыни талдаулар жүргізе білу;

Пререквизиттер: *KDKK 3302 Қазіргі діни қозғалыстар мен культтер*

Постреквизиттер: *QRDS 5207 ҚР дінтанулық сараптама мен діни оңалту жұмысын жүргізудің бағыттары*

2. KDA 5304 Қазақстандағы діни ағымдар - 5 кредит

Мақсаты: Жаңа діни ағымдардың қалыптасуы мен дамуының тарихи-әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени шарттары меңгеріледі.

Мазмұны: Дәстүрлі емес діндер мен секталардың қалыптасу сұлбаларының механизмы. Дәстүрлі емес діндердің қазіргі заманғы Қазақстан мәселелері. Дәстүрлі емес діни қозғалыстар мен ағымдардың ерекшеліктерін көрсетіп, олардың мемлекеттік тұтастық пен ұлттық

қауіпсіздікке тигізер зардаптарын ұғындыру.

Нәтиже

-Білімі: Қазіргі кездегі діни ағымдардың пайда болу және оның себептері және даму барысы;

-Білігі: Тақырыптарға діни ағымдар аясында сараптама жасай алу;

-Құзіреттері: Аталған пән бойынша меңгерілген мәліметтерді іс жүзіне жүзеге асыра білу, ғылыми сараптамалар жасай отырып, нақты тұжырым жасай алу, белгілігі ғылыми қорытынды шығара білу.

Пререквизиттер: *KDKK 3302 Қазіргі діни қозғалыстар мен культтер*

Постреквизиттер: *QRDS 5207 ҚР дінтанулық сараптама мен діни оңалту жұмысын жүргізудің бағыттары.*

1. GZAA 5305 Ғылыми-зерттеу әдістері мен әдіснамасы - 5 кредит

Мақсаты: Ғылыми зерттеудің әлеуметтік-философиялық, теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылады.

Мазмұны: Ғылыми зерттеудің әлеуметтік-философиялық әдістері пайдаланылады. Курстың мақсаты да магистранттарды аталмыш әдістерден хабардар ету.

Нәтиже

-Білімі: Ғылыми-зерттеу әдістерін, негіздерін білу

-Білігі: Ғылыми зерттеудің әдіснамасы мен негізгі әдістерін меңгеру.

-Құзіреттері: Ғылыми зерделеудің, сараптаудың, талдаудың әдістерін ашып беру.

Пререквизиттер: *DA 5208 Дінтану әдістемесі*

Постреквизиттер: жоқ

2. GZUJ 5305 Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау - 5 кредит

Мақсаты: Жалпы ғылыми танымда қолданылатын нақты ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау;

Мазмұны: Жалпы гуманитарлық зерттеулердің теориялық-методологиялық принциптерін үйрету; нақты дінтанулық мәселелерді сауатты пайымдауға бағыттау.

Нәтиже

-Білімі: Ғылыми-зерттеу жұмысын орындау барысында туындайтын мәселелерді анықтап, негіздеп және шеше білуі керек

-Білігі: Ғылыми зерттеу жұмыстарын дұрыс жоспарлау.

-Құзіреттері: Ғылыми зерделеудің, сараптаудың, талдаудың негіздерін ашып беретін және зерттеудің әдіс тәсілдерін ұсынады.

Прекреквизиттер: DA 5208 Дінтану әдістемесі

Постреквизиттер: жоқ

II семестр

Міндетті пәндер:

TOMGZZh Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы – 5 кредит

Элективті пәндер:

1. QZDF 5206 Қазіргі заманғы дін феноменологиясы мен психологиясының өзекті мәселелері - 5 кредит

Мақсаты: Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер дін феноменологиясының қалыптасуы мен даму тарихын біледі. Дін феномендерін, діни қызмет формаларын, олардың сенімдерін жіктеуді үйренеді. Феноменологиялық әдіс ерекшеліктерін негіздеуді меңгереді

Мазмұны: Қазіргі заманғы дін феноменологиясы мен психологиясының өзекті мәселелері

Нәтиже

-Білімі: Әлемдік және дәстүрлі діндер феноменологиясын салыстыру, олардың психологиялық аспектілерін түсіне алу;

-Білігі: Дін феноменологиясының теориялық білімдерін меңгерту;

-Құзіреттері: Дін феноменологиясы мен психологияның өзекті мәселелері пәні бойынша зерттеу жұмыстарының нәтижесін өз бетінше қорытындылап, талқылап, жалпылай білу.

Пререквизиттер: DFen 3302 Дін феноменологиясы

Постреквизиттер: жоқ

2. КМЕ 5206 Қасиетті мәтіндер экзегетикасы - 5 кредит

Мақсаты: Діни мәтін экзегетикасы ілімінің бүгінгі түсініктемелері туралы магистранттардың терең білімін қалыптастыру;

Мазмұны: Қазіргі қоғамда сенім және құлшылық тұрғысында дау тудырып жүрген, кейбір ағымдардың теріс бұрмалап жүрген аяттарының дұрыс түсініктерін

Құран интерпретациясы арқылы классикалық еңбектерден нақтылап көрсетіп, ел аумағындағы діни тұтастық пен бірізділікке өз септігін тигізу.

Нәтиже

-Білімі: Қазіргі интерпретация ілімінің қалыптасуы мен дамуы, көтерген негізгі проблемалары

-Білігі: Қазіргі интерпретация түсініктемелері шеңберіндегі мектептер мен ағымдардың ара жігін аша білу.

-Құзіреттері: Аталған пән бойынша меңгерілген мәліметтерді іс жүзіне жүзеге асыра білу, ғылыми сараптамалар жасай отырып, нақты тұжырым жасай алу, белгілігі ғылыми қорытынды шығара білу.

Пререквизиттер: DMGK 3213 Діни мәтін герменевтикасына кіріспе

Постреквизиттер: жоқ

1. QRDS 5207 ҚР дінтанулық сараптама мен діни оңалту жұмысын жүргізудің бағыттары – 5 кредит

Мақсаты: ҚР діни әдебиеттер мен заттар және еліміздің ғаламтор кеңістігінде жарияланған діни элементі бар нысандарға (мақала, пдф-кітап, аудио-жазба, видео-жазба, кинофильм, деректі фильм т.б) сараптама жүргізудің критерийлерін үйрену, сондай-ақ, діни экстремизм мен терроризмнің әлеуметтік, психологиялық, діни, саяси факторларын саралау, діни экстремистер мен террористерді оңалту және радикалсыздандырудың сатыларын жан-жақты зерделеу.

Мазмұны: діни сараптама мен діни оңалту және радикалсыздандыру жұмыстарына дінтанулық тұрғыда талдау жүргізіп, теориялық және ғылыми білімін арттыру.

Нәтиже

-Білімі: діни сараптама жүргізу мен діни оңалту және радикалсыздандырудың теориялық мәселелерін жан-жақты білу;

-Білігі: діни сараптама жүргізу мен діни оңалту және радикалсыздандыруға машықтану;

-Құзіреттері: қоғамда діни мәселелердің туындауының алдын алуды игеру, діни экстремизм мен терроризмді болдырмау.

Пререквизиттер: DMZ 4205 – ҚР дін туралы мемлекеттік заңдары

Постреквизиттер: жоқ

2. DSA 5207 Дінтанулық сараптама әдістемесі - 5 кредит

Мақсаты: Дінтану саласында ғылыми көзқарасты қалыптастыру мен жүйелі ойлауды дамытуға және діни теорияларды зерттеуде әдіснамалық дағдыларды қалыптастыруға, нақты дінтанулық мәселелерді сауатты пайымдауға бағытталған.

Мазмұны: Дінді қарастыру және оны зерттеуде қолданатын негізгі ғылыми эксперименттік әдіснамаларды жан-жақты қарастыру. Кез келген ғылымдағы сияқты, дінтануда жалпы философиялық, әлеуметтік-философиялық, арнайы жалпы ғылымдық және жеке ғылымдық, теориялық және эмпирикалық әдістер: диалектика, жүйелі әдіс, талдау, жинақтау, абстракциялау, жалпылау, эксперимент және т.б. қолданылады.

Нәтиже

-Білімі: Дін мен діни сана арасындағы сабақтастық пен бірлік және олардың мәдениетке ықпалын түсінеді;

-Білігі: Дін мен дәстүр және модернизациялық үдерістер арасында сабақтастық орнатып, қоғамның рухани тұрғыдан азғындамау жолдарын қарастыра білетін білігі қалыптасады.

-Құзіреттері: Қоғамда болып жатқан кез-келген модернизациялық үдерістердің қоғам болашағына ықпалы қаншалықты болатынына талдау жасай алу құзіретіне ие болады.

Пререквизиттер: DT 2201 Діндер тарихы

Постреквизиттер: DZhM 6308 Діни жаһандану және модернизация

1. QMG 5208 Қасиетті мәтіндердің герменевтикасы - 5 кредит

Мақсаты: Курс теологиялық тілде герменевтика (грек) деп аталатын Киелі кітапты түсіндіруді және оның мағынасын зерттеуге арналған. Киелі кітап герменевтикасы экзегетикалық мектептердің тарихын зерттеу негізінде Киелі жазбаларды түсіндірудің принциптері мен әдістерінің мәселелерімен айналысады. Курс бағдарламасы болашақ дінтанушы магистрларға арналған және магистранттарға негізгі тақырыптар мен үзінділердің дәстүрлі интерпретацияларын зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұл курс дінтанушы маманның кәсіби қызметінің кез келген түрін жүзеге асыру кезінде қажетті жалпылама библиялық,

теологиялық және тарихи білім алуға мүмкіндік береді. Өртүрлі дін өкілдерімен өзара іс-әрекет, оқытушылық және ғылыми-зерттеу қызметі, сарапшы және кеңесші ретінде жұмыс істеу. Жақсы «Қасиетті мәтіндердің герменевтикасы» басқа теологиялық және тарихи-теологиялық курстардан бұрын тұрады.

Нәтиже

-Білімі: Киелі кітап тарихының негізгі фактілері және ескі дәуірдің messiандық пайғамбарлықтары туралы

– Қасиетті мәтіндердің экспрессиясы бойынша негізгі мәліметтер;

- Киелі жазбалардың таңдамалы үзінділерін түсіндірудің негізгі мысалдары.

-Білігі: Қасиетті мәтіндердің құрылымдық семантикалық бөліктерін анықтау және талдау;

– Қасиетті мәтіндердің тарихының әрбір кезеңінің маңыздылығын түсіндіріп, оның жалпы сипаттамасы, оқиғалардың жалпы хронологиясын ұсыну;

– Оқиғаны салыстыру, ерекшеліктерді атап өту, параллельді де, бірегей жерлерді де табу;

-Құзіреттері: Қасиетті мәтіндерді еркін талдау дағдылары;

– Қасиетті Жазба мәтініндегі параллель үзінділерді талдау дағдылары;

– энциклопедияларды, сөздіктерді, синопсистік мәтіндерді, симфонияларды, географиялық атластарды мәтінімен жұмыс істеу кезінде пайдалану дағдылары және басқа да анықтамалық аппараттар;

Пререквизиттер: GTF 5201 Ғылым тарихы және философиясы

Постреквизиттер: жоқ

2. DK 5208 Діни қолжазбалар - 5 кредит

Мақсаты: Ғылыми зерттеуде тарихи қолжазбалардың маңыздылығы әрқашан да жоғары болған. Ең сенімді тарихи қайнарқөздер де солар болып табылады.

Мазмұны: Діни қолжазбалар да діндер жайында нақты әрі ежелгі мәліметтерге қанық болу. Аталмыш пәнде магистранттарды діни қолжазбалармен таныстырып, олармен жұмыс істеуге баулу көзделеді.

Нәтиже

-Білімі: Діни жазбалар туралы жалпы мәлімет беріледі.

-Білігі: Араб тілінің грамматикалық категорияларын меңгерген магистрант діни жазбаларды салыстырмалы түрде үйренеді.
-Құзіреттері: Араб тілін меңгерген магистрант діни жазбаларды салыстырмалы түрде қарастырып, егжей-тегжейлі үйренеді.

Пререквизиттер: ArT 1207 Араб тілі

Постреквизиттер: жоқ

1. ShDD 5306 Шетел деректеріндегі дінтану - 5 кредит

Мақсаты: Шетел тіліндегі мәтіндерді ағылшын тілінде талдау жасап, сөйлемнің құрылымын мағынасын араб тілінде түсіну.
Мазмұны: Пәндік тарихты білу, пәннің жаңашыл заманауи даму барысын қадағалай білу. Белгілі бір ғылыми сала бойынша өз бетінше қорытындылап, талқылап, өңдеп, жалпылай білу.

Нәтиже

-Білімі: Тыңдап түсіну барысында оқытушының және өзінің курстастарының сөзін нұсқауларын түсіну, сөйлесімдерді қабылдау және түсіну.

-Білігі: Ағылшын тілінде алған білімдерін іс жүзінде тереңдетіп, тілдік дағдыларды (тілдік талдауларды) меңгеру.

-Құзіреттері: Сөз мағынасын терең түсінуді, сөз тіркестері мен сөз қолданыстарын меңгертумен қатар сауатты жазу, мәдениетті сөйлеуді меңгеру.

Пререквизиттер: ShT(K) 5202 Шетел тілі (кәсіби)

Постреквизиттер: жоқ

2. DMGK 5306 Діни мәтін герменевтикасына кіріспе - 5 кредит

Мақсаты: Діни мәтіндерді талдау, интерпретация жасау, түсіндірме жасау, сонымен қатар діни және көне мәтіндермен жұмыс жасауды үйрену.

Мазмұны: Діни мәтіндер және көне мәтіндер мазмұны

Нәтиже

-Білімі: Әлемдік және дәстүрлі діндергі діни мәтіндерді салыстыру, анализ жасауды үйрену;

-Білігі: Діни мәтіндер герменевтикасында теориялық білімдерді меңгерту;

-Құзіреттері: Діни мәтіндердің герменевтикасы пәні бойынша зерттеу жұмыстарының нәтижесін өз бетінше қорытындылап, талқылап, жалпылай білу.

Пререквизиттер: ShT(K) 5202 Шетел тілі (кәсіби)

Постреквизиттер: жоқ

1. STM 5307 Суфизм теориясы мен мәселелері - 5 кредит

Мақсаты: Суфизм теориясы мен мәселелері зерттеп, зерделеу және сопылықты өз бейнесінде дұрыс тану. Сопылықтың мәні мен мазмұнын меңгеру. Білім алушылардың жалпы мистицизм мен суфизм туралы білімі мен біліктілігін арттыру.

Мазмұны: Суфизм теориясы мен мәселелері ғылыми тұрғыда талдау Сопылықтың генезисі мен эволюциясын меңгеру. Сопылықтың таралуы мен даму кезеңдері жайлы тарихи деректерді жүйелі түрде оқып, сопылық тарихы мен іліміне қатысты талдау жүргізуге қабілетті болу. Сопылықты өз бейнесінде дұрыс тануға бағытталған жаттығулар жасау.

Нәтиже:

-Білімі: Сопылыққа қатысты классикалық дереккөздер және ғылыми зерттеулермен жұмыс істеуді үйрену.

-Білігі: Сопылыққа қатысты және жалпы мистицизмге қатысты деректер мен ақпараттар жинақтап, талдау білуге машықтану.

Құзіреттері: Сопылыққа қатысты әһлі сүннет ғалымдары мен мамандардың көзқарастары мен пайымдарын білу.

-Ислам мәдениетінде сопылық құндылықтар мен тариқаттардың рөлін талдау.

-Қазақ руханиятындағы сопылықтың орны мен рөлін талдау.

-Сопылықтың ұлттық діл мен мәдениетке ықпал-әсері туралы ой танымдық мәдениетін қалыптастыру.

-Әһлі сүннет негізіндегі дәстүрлі сопылық мен адасқан сопылық топтардың айырмашылықтарын білу.

- Әлемдік және ұлттық деңгейдегі сопылық ой-тұжырымдардың мән-мағынасын талдау және сараптау әдістерін қолдана білу, қазіргі кездегі сопылық жаңалықтардан хабардар болу, сондай-ақ адами құндылықтардың шарттарын бағалауды үйрену.

Пререквизиттер: IsAB 5304 Исламдағы ағымдар мен бағыттар

Постреквизиттер: жоқ

2.DDJA 5307 Дәстүрлі діндер және жаңа діни ағымдар - 5 кредит

Мақсаты: Діни мәселелері қандай заманда болмасын қоғам мен мемлекет үшін аса маңызды күрделі мәселелердің бірі болып келген. Қазіргі кезеңде дін қоғамның әлеуметтік және рухани өмірінің маңызды құрамы.

Мазмұны: Дін мәселесін және ғылыми-зерттеу жұмыстарында сараптамалық, статистикалық ақпараттық технологияларды қолдануды үйрету

Нәтиже

-Білімі: ғылым мен дінтанулық білім берудегі ақпараттық технологияларды білуі;

-Білігі: кәсіби саласында пәнді оқытуда және ғылыми-зерттеуде қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдана алуға ептілігі;

-Құзіреттері: Ғылыми, әлеуметтік-қоғамдық және эксперименттік зерттеу салаларда белсенді қарым-қатынас жасауға дайындығы;

Пререквизиттер: *IsAB 5304 Исламдағы ағымдар мен бағыттар*

Постреквизиттер: жоқ

III Семестр

Міндетті пәндер:

ZhMP 6204 Жоғары мектептің педагогикасы – 4 кредит

PP 6205 Педагогикалық практика – 1 кредит

DATT 6303 Дін антропологиясының тарихы мен теориясы – 5 кредит

TOMGZZh Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы – 5 кредит

Элективті пәндер:

1. DZhM 6308 Діни жаһандану және модернизация - 5 кредит

Мақсаты: Жаһандану және модернизация жағдайындағы дін мәселесін көтерген концепциялармен танысу арқылы қазіргі таңдағы дінтанудың өзекті мәселелерін қарастыру, зерттеу.

Мазмұны: Жалпы дінтану саласындағы өткен және қазіргі замандағы философтардың, теологтардың концепцияларымен танысу, анализ жасау.

Нәтиже

-Білімі: Жаһандану және модернизация жағдайындағы дін мәселесін талдауға. Сараптауға қабілетті болу.

-Білігі: Жаһандық және заманауи әдістермен таныса отырып, кәсібилікке машықтану

-Құзіреттері: діни мәселелерді сараптай білу

Пререквизиттер: *DMZ 4208 ҚР дін туралы мемлекеттік заңдар*

Постреквизиттер: жоқ

2. DE 6308 Діни экстремизм: тарихы мен мәні - 5 кредит

Мақсаты: діни экстремизм мәселесін терминологиялық, дінтанулық салалық, тарихи, саяси тұрғыдан қарастыру, терең зерттеу

Мазмұны: экстремизм мәселесінің күрделілігін, дінтанулық тұрғыдан талдай отырып, терминдік қолдану ерекшеліктері мен алдын алу шаралары туралы теориялық, ғылыми білім арттыру.

Нәтиже

-Білімі: экстремистік діни бағыттағы ілімдерді талдай білу

-Білігі: экстремистік құбылыстардың алдын алуға машықтану

-Құзіреттері: Радикалды, экстремисті бағыттарғы, дін өкілдеріне сараптама жүргізу, болдырмау, алдын алуды игеру.

Пререквизиттер: *DMZ 4208 ҚР дін туралы мемлекеттік заңдар*

Постреквизиттер: жоқ

1. KSHKZ 6309 Қазіргі шығыстанудағы Құран зерттеулері - 5 кредит

Мақсаты: Құран ілімінің шығыстанудағы зерттеулермен таныс болу.

Мазмұны: Қазіргі шығыстанудағы Құранның түсуі, жатталуы, жинақталуы және интерпретациялануы.

Нәтиже

-Білімі: Құран және хадис мәтіндерімен танысады.

-Білігі: Құран мен хадис ілімдерінің қалыптасуы, дамуы кезеңдеріне қатысты ерекшеліктерді еркін талдайды.

-Құзіреттері: Заманауи діни таластартыстардың Құран мен хадис мәселелері қазіргі шығыстану ғылымындағы орнымен танысу.

Пререквизиттер: *DMGK 5306 Діни мәтін герменевтикасына кіріспе*

Постреквизиттер: жоқ

2. ТІКМ 6309 Тафсир ілімінің қазіргі таңдағы мәселелері - 5 кредит

Мақсаты: Ислам әлеміндегі деректерге байланысты концепциялардағы ғылыми көзқарасарды зерделеу;

Мазмұны: Тафсир ілімінің қазіргі мәселелері. Зерттеушілердің қолданған әдістері.

Нәтиже

-Білімі: Тафсир ілімімен танысып, тафсир түрлеріне талдау жасайды.

-Білігі: Ислам деректерінде кездесетін еңбектерге талдау арқылы, қазіргі мұсылмандық сананы зерделейді.

-Құзіреттері: Мұсылман әлемінің мәселелеріне талдау жасауды меңгереді.

Пререквизиттер: DMGK 5306 Діни мәтін герменевтикасына кіріспе

Постреквизиттер: жоқ

1. DMAPO 6310 Діндарлықтың мәдени-философиялық және әлеуметтік-психологиялық өлшемдері - 5 кредит

Мақсаты: Курс қазіргі діндарлық ұғымдарын жүйелі талдауға бағытталған.

Мазмұны: Қазіргі қоғамның әртүрлі қабаттарындағы діншілдіктің қалыптасуының мәдени, дүниетанымдық, әлеуметтік-психологиялық алғышарттары талданып, діни сананың қалыптасуы мен дамуының заңдылықтары, әртүрлі діни топтар мен қауымдардағы негізгі мотивтер мен қажеттіліктер қарастырылады.

Нәтиже

-Білімі: Мәдени дәстүрлердің, нормалар мен әдет-ғұрыптардың діндарлық түрлерін қарастыру.

-Білігі: Жаңа діндарлық феноменін талдауға, діннің постмодерндік интерпретацияларының қазіргі заманғы діни сенімнің мәнін түсіндіруіне ерекше назар аударылады

-Құзіреттері: Әлемдік тәжірибені негізге алып практикада қолданысқа түсіре алады.

Пререквизиттер: BP 5203 Басқару психологиясы

Постреквизиттер: жоқ

2. DinRP 6310 Дін және руханият психологиясы - 5 кредит

Мақсаты: Курс, пәнді зерттеудің екі негізгі компонентін қамтиды.

Мазмұны: Біріншісінде діни және рухани тәжірибелердің психологиялық негіздері

мен алғышарттары тарихи тұрғыдан талданады.

Нәтиже

-Білімі: Пәннің екінші компоненті ұлттық және әлемдік діндердің психологиялық компонентін жан-жақты талдаумен.

-Білігі: Бұл пән блогы ибраһимдік, үнді-буддистік дәстүрдің психологиялық аспектілерін, атеизм мен зайырлы руханият психологиясын сипаттайды.

-Құзіреттері: Курс нәтижесінде білім беру сенушілер қауымының да мінез-құлқы мен іс-әрекетінің діни мотивациясына аударады, саралай алады.

Пререквизиттер: BP 5203 Басқару психологиясы

Постреквизиттер: жоқ

IV семестр

Міндетті пәндер:

ZP 6302 Зерттеу практикасы – 4 кредит
TOMGZZh Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы – 14 кредит
MDRK Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау – 8 кредит

Элективті пәндер:

1. QAGZMH 6311 Қазақ әдет-ғұрып заңдары мен мұсылмандық құқық - 4 кредит

Мақсаты: Дәстүрлі қазақ қоғамындағы құқықтық жүйе мен оның мұсылмандық құқықпен байланысын меңгеру. Діни нормалардың қазақ құқық тарихында орын алу ерекшеліктерін игере отырып, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктеріне икемделген мұсылмандық құқық нормаларын қолдану жүйесі мен қазіргі зайырлы қоғамда діннің нормаларын сақтау тәжірибесінде пайдалану біліктілігін қалыптастырады.

Мазмұны: Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып заңдарының ерекшеліктері мен жүйесі, шешендік өнер мен билер сотының құқықтық қарым-қатынастарды реттеудегі орны, Отбасылық қарым-қатынастар мен жер қатынастары, қылмыстық дауларды шешу тәжірибесін мұсылмандық құқықпен салыстыру.

Нәтиже

-*Білімі:* Ұлттық бірегейлікке сай дінді ұстану тәжірибесін, қазақ құқық тарихын үйренеді.

-*Білігі:* Діни саладағы әдет-ғұрып пен дін қарым-қатынастары мәселелеріне оңтайлы жауап беруге дағдыланады.

-*Құзіреттері:* Діни мәселерге зайырлылық және құқықтық тұрғыдан баға бере алады.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: жоқ

2. ADMM 6311 Әлемдік діндердегі мораль мәселелері - 4 кредит

Мазмұны: Бұл пәнде имандылық пен діннің арақатынасы қарастырылады. Пәнде адамгершіліктің де, діннің де қоғамдық сананың бір түрі болып табылатыны дәлелденеді. Өзінің шығу тегі бойынша адамгершілік сана діни санаға қарағанда ескі. Олардың ортақ қасиеті - екеуі де моральдық талаптарды орындайды немесе қызмет етеді адамдар арасындағы қарым-қатынас, халықтың әдет-ғұрпы мен дәстүрін бекітеді. Айырмашылығы – критерийлер адамгершіліктің (негізі) адамдардың жердегі және шынайы көзқарасына негізделеді, ал діннің өлшемі жерден тыс, табиғаттан жоғары болып табылады. Сонымен қатар, имандылық (діни мораль) қасиетті жазбаға және догмаға арқа сүйейді.

Нәтиже

-*Білімі:* Пәннің компоненті әлемдік діндердің моральдық мәселелеріне танысу.

-*Білігі:* Бұл пән блогы әлемдік діндердегі моральдық мәселелерге талдау жасай алу сипаттайды.

-*Құзіреттері:* Курс нәтижесінде білім алушылар мінез-құлқы мен іс-әрекетінің діни ахлақтарына білікті болады, саралай алады.

Пререквизиттер: *DinRP 6310 Дін және руханият психологиясы*

Постреквизиттер: жоқ